

*М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры,  
ҚР ҰҒА академигі,  
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты  
Уәлихан БИШІМБАЕВ:*

«Білім және ғылым министрлігі үш жылдың ішінде заманға сай білім алуға және озық технологияларды игеруге мүмкіндік беретін білім берудің тиімді инфрақұрылымын жа-

асыру мақсатында мамандықтар оңтайландырылды, нәтижесінде Қазақстан Республикасы бакалавриат және магистратура мамандықтарының жіктеушісі бекітілді.

# “ БІЛІКТІ МАМАН НЕГІЗІ — САПАЛЫ БІЛІМ МЕН ОЗЫҚ ҒЫЛЫМДА “

*- Уәлихан Қозыкеұлы, ең алдымен жастарға жоғары білім беру, мамандық алу жүйесінде жасалынып жатқан реформалық өзгерістерге осы саланың көп жылдан бергі білгір басшыларының бірі ретінде көзқарасыңызды білгіміз келеді.*

- Білім саласындағы реформалық өзгерістер «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» толығымен қарастырылған. Елбасымыз Н.Назарбаев жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында білім берудің саласын арттыруды міндеттеп отырғаны бәрімізге белгілі.

Мысалы, Елбасымыз Қазақстан халқына арнаған 2008 жылғы Жолдауында

сауды аяқтайтын болсын» деп нақты тапсырма берді.

Әлемдік білім беру кеңістігіне ену үшін Қазақстанда үш сатылы схема бойынша мамандар дайындауға көштік: бакалавриат-магистратура-доктарантура (Phd). Негізгі жоғары білім беру бакалавриат арқылы жүзеге асырылды, ал ғылыми-педогогикалық қызметкерлер дайындау магистратура мен доктарантура арқылы жүргізіледі. Жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарламаны жүзеге



*(Жалғасы 4-5 беттерде).*

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

Жоғары білім беру жүйесінде жасалынып жатқан реформалық өзгерістердің формалары, түрлері және әдістері сан алуан. Алайда, олардың барлығының баста мақсаты – білім берудің сапасын арттыру екендігі, нарықтық кеңістікте бәсекелестікке қабілетті мамандар дайындау болып табылатыны баршамызға аян.

Жоғары білімді бакалаврлар дайындау елімізде кредиттік білім берудің жүйесі арқылы іске асырылуда. Аталған жүйенің ерекшелігі студенттерді өзінше жұмыс істеуге баулу, өзінше білім жинауға дағдыландыру. Аудиторлық сабақтардың үлесін азайтып, студенттердің өз бетімен жұмыс істеу қабілетін арттыру. Бұл жерде оқытушылардың рөлі төмендейді деген теріс ұғым тұмауы керек, керісінше оқытушыға талап жоғарылайды, өйткені ол білім беруде тек оқулықпен шектелмеуі тиіс. Білім беруде соңғы жаңалықтар мерзімдік бақылаулар мен Интернет арқылы алынуы тиіс. Білім берудің сапасын арттырудың тағы бір тиімді бағыты – ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау арқылы білім беру. Өз кезегінде бұл бағыт жоғары оқу орындарында жаңа инфрақұрылымдар түзуді талап етеді. Мысалы, инновациялық орталық, студенттік ғылыми қоғамдар, студенттік конструкторлық бюро және т.б. Осы тұрғыдан алғанда білім беру мен ғылымның қатар жүретіндігіне тағы бір рет көз жеткізіп отырмыз.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өз Жолдауында 2012 жылға дейін ғылым саласын қаржыландыру 25 есеге артатынын атап көрсетті. Бөлінетін қаржы жаңа ғылыми зерттеулер арқылы білім сапасын арттырудың алғышарттарының бірі болып табылады. Жыл сайын ғылыми зерттеулерге бөлінетін қаржы артып келеді, ғылыми зерттеулерге қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету жолға қойылып жатыр. Мысалы, 2007 жылы еліміздің университеттерінде техникалық бағыттар бойынша 10 инженерлік лаборатория ашылып, әрқайсысына 200 млн, төңгеге заман талабына сай приборлар, жабдықтар және өлшеу техникалары сатып алынды. Осындай лаборатория біздің университетте де ашылып, ғылыми зерттеулер жаңа және жоғары деңгейде жүргізіліп жатыр.

Жалпы алғанда, жоғары білім беру жүйесіндегі жасалынып жатқан реформалық өзгерістерді қолдай отырып, мемлекеттік бағдарламалардың орындалу мерзімі аясында нақты нәтижелерге және жетістіктерге қол жеткізетінімізге ешқандай күмәніміз жоқ екенін айтқым келеді.

**– Жастарға жоғары білім беруде өзіңіз басқарып отырған университеттің алатын орны қандай?**

– М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті – аймақтық көпсалалы жоғары оқу орны. Бүгінгі таңда университет еліміздің оңтүстігіндегі белгілі де танымал білім мен ғылым және мәдениет орталығы.

Университетте бакалавриаттық 84 мамандық бойынша мамандар дайындалады: білім бағыты – 20 мамандық, гуманитарлық ғылымдар бағыты – 5 мамандық, құқық бағыты – 2 мамандық, өнер бағыты – 11 мамандық, бизнес бағыты – 6 мамандық, жаратылыстану ғылымдары бағыты – 7 мамандық, техникалық ғылымдар мен технологиялық бағыты – 20 мамандық, ауылшаруашылық ғылымдары бағыты – 6 мамандық, қызмет көрсету бағыты – 7 мамандық.

Университетімізде Қазақстан Республикасы бакалавриат мамандықтарының жіктеу ішіндегі денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) саласынан басқа барлық бағыттар

бойынша мамандар дайындалады деген сөз. Бұл университет ұжымына үлкен жауапкершілік жүктейді, өйткені ерекшеліктеріне қарай әр бағыттың профессорлық-оқытушының құрамын түзу, тиісті материалдық-техникалық базасын қамтамасыз ету оңай тірлік еместігі белгілі ғой.

Университетіміздің өз орнын айқындайтын бірқатар ерекшеліктерді атап өтуді қажет деп санаймын. Бізде елімізге танымал болған ғылыми мектептер бар, солардың негізінде, материалдық-техникалық базасы жоғары деңгейде қалыптасқан кафедраларда дәстүрлі жүзеге асырылатын білім беру бағдарламалары-мамандықтар жеткілікті. Мысалы, 050720 – Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, 050720 – Орга-

гиялар мен әдістерін толығымен пайдалануын қамтамасыз ету қажет. Интернет жүйесін пайдалану, қашықтықтан білім беру жүйесін енгізу, интерактивтік тақталарды және және т.б. кеңінен пайдалану керек.

Ғылыми зерттеу жұмыстарымен оқу үрдісінің тығыз байланысын арттыру мәселесін нақтылай шешу білім беру жүйесінің күн тәртібінен түспейтін сұрақ болуы тиіс. Ғылым мен білім беруді ұштастыру нәтижесінде университеттегі жаңа инфрақұрылымдар білім беру сапасын көтеруге қызмет атқарып, үлкен септігін тигізулері қажет деп ойлаймын.

Сұрағыңыздың екінші жартысына келсек, мамандарды даярлау жүйесі емес, білім беру бағдарламалары халықаралық стандартқа

жылда осы көрсеткіш бойынша Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттерінен кейінгі құрметті үшінші орынды иеленіп келеміз.

Университеттің рейтингтік тар-тымдылығының жоғары деңгейін 1-курс студенттерімен жүргізілетін сауалнаманың нәтижелері де дәлелдеп отыр. Биылғы жылы М.Әуезов атындағы ОҚМУ-ды таңдап оқуға түскен талапкерлердің айтуынша, олардың басым бөлігі біздің университетті келесі себептермен таңдаған:

- қызықты және бүгінгі таңда беделді болып табылатын мамандықтардың болуы;
- университеттің қоғамдағы айтарлықтай жоғары беделі;

Заңында жекеменшік жоғары оқу орындарының болуы қарастырылған. Білім беру қызметтерін лицензиялау талаптарына сай келетін жоғары оқу орындары білім беру кеңістігінде жұмыс істеуге құқығы болуы тиіс. Ол талаптардың негізгілері: меншігінде қажетті оқу ғимараттары, жеткілікті кітапханалық қоры, штаттық профессор – оқытушылар құрамы, оның ішінде ғылыми дәрежесі мен атағы барларының белгілі үлесі, жоғары оқу орнына қажетті инфрақұрылым және т.б.

Енді айырмашылыққа келетін болсақ, мемлекеттік жоғары оқу орындарының өз арасында, жекеменшік жоғары оқу орындарының өз арасында да айырмашылықтар бар екені мәлім. Ол жыл сайын

# “БІЛІКТІ МАМАН НЕГІЗІ – САПАЛЫ БІЛІМ МЕН ОЗЫҚ ҒЫЛЫМДА”



никалық заттардың химиялық технологиясы, 050724 – техникалық машиналар мен жабдықтар (салалар бойынша), 050608 – Экология және т.б. мамандықтар. Сонымен қатар, Қазақстанның Оңтүстік аймағында тек біздің университетте ғана мамандар дайындау іске асырылатын мамандықтар бар. Олар, өнер саласында, 050418 – Кітапханатану және библиография, 050419 – Мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау, 050407 – Актерлік өнер, ауылшаруашылық бағыт бойынша – 051201 – Ветеринарлық медицина, қызмет көрсету бағыты бойынша – 050904 – Тұрмыстық қызмет көрсету және сервис, 050906 – Мәдени тыңғу жұмысы және т.б.

**– Әрбір жоғары оқу орны, әрине, жаңа заман ағимина сәйкес дамуысыз болмайтыны ақиқат. М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың жаңа дәуірдің талабына орай жаңаша жұмыс істеуін қалай көрер едік? Болашақ мамандарды даярлау жүйесі халықаралық стандартқа жауап бере ала ма?**

– Әрине, еліміздің дамуының әр кезеңінде жоғары оқу орындарының қызметіне, олар даярлайтын мамандарға деген талаптардың өзгеріп отыратыны бәрімізге белгілі. Мысалы, кешегі күні инженер-құрылысшы дайындасақ, бүгінгі күні құрылысшымыз кәсіпкерлік пен менеджерлік бағдарламаларды меңгерген маман болуы тиіс. Заманның талабына сай, білім берудің сапасын арттыру үшін білім беру жүйесіндегі негізгі тұлғалар, оқытушылар мен студенттердің психологиясы мен менталитетін өзгерту қажет. Оқытушыға оқулықтың мазмұнын білім алушыға тасымалдаушы ролін атқару бүгінгі күні жеткіліксіз болып табылады, ол ғылым, жаңа техника және технологиялар туралы ізденістен жиналған ақпараттарды тұжырымдап, оқулықты толықтырып отыратын тұлға болуы қажет. Бүгінгі студент аудиториядан шықпайтын студент емес, аудиториядан тыс ізденісте жүретін, өз бетінше өз мамаңдығы бойынша ақпаратты сараптауға, тұжырымдауға дағдыланған маман болуы тиіс. Оның өмір бойы білім алу принципін жүзеге асыра алатын кәсіптік білім іскерлік пен дағдыларды игеруге қалыптасқаны абзал.

Жоғарыда айтылғаннан басқа бүгінгі таңда оқу үрдісінде білім берудің жаңа ақпараттық техноло-

сай келе ме деген дұрыс болар. Университеттің 7 білім беру бағдарламасы Германияның «АСИИН» аккредиттеу агенттігінде халықаралық аккредиттеуге дайындалды. Аудит болып өтті, енді нәтижесін күтудеміз.

**– Сіз басқаратын жоғары оқу орны сексеннен аса маман даярлайды. Ал мұндағы факультеттер басқа да оқу орындарында да, оның ішінде біздің облыста да жеткілікті. Демек, бәсекелестікке қалай қарайсыз?**

– Біздің университетте 84 мамандық бойынша мамандар даярланады.

Әрине, біз даярлайтын мамандықтардың бірқатары облысымызда да жоғары оқу орындарында бар. Басқа салалардағы сияқты білім беру нарығында да бәсекелестіктің болғаны дұрыс, себебі тек сондай жағдайда білім беру қызметтерінің тұтынушылары еркін таңдау жасай алады. Осындай жағдайда біздің университетті бітірген мамандардың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету-университет ұжымының алдына қойып отырған негізгі мақсаты. Университетімізде арнайы құрылған Карьера және маркетинг орталығы білім беру қызметтері нарығындағы, еңбек нарығындағы жағдайды, жұмыс берушілердің мамандар сапасына қанағаттануының деңгейін маркетингтік сараптаумен айналысады.

Білім беру нарығындағы сұраныс пен бәсеке жағдайын талдау әр түрлі мамандықтар бойынша М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың бәсекелестері болып табылатын басқа жоғары оқу орындары және филиалдары бойынша жүргізіліп отырады. Мысалы, биылғы жылы жасалған талдау нәтижелері бойынша М.Әуезов атындағы ОҚМУ білім беру қызметтері нарығында алдыңғы қатардан берік орын алып отыр деуге болады. Себебі 1-курсқа студент қабылдаудың облыс бойынша жалпы санындағы оның үлесі 2003 жылы 30,46% болса, 2007 жылы – 35,7% құраған.

Университетімізге мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға қабылданған студенттердің саны да жыл сайын артауда. Атап айтқанда: 2005 жылы – 1419, 2006 жылы – 1784, ал 2007 жылы – 2378 студент мемлекеттік білім беру гранттары бойынша қабылданып, соңғы үш

– ОҚМУ дипломын иелену-болашақта жұмысқа орналасудың үлкен мүмкіндігін қамтамасыз ететіндігі.

Бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың негізгі шарты – сапалы білім беру. Біздің университетте сапалы білім берудің негізі – бай материалдық-техникалық база, жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамы, білім беруді инновациялық технологиялар мен әдістердің пайдалануы және заман талабына сай үнемді жетілдіріп отыратындығы.

Білім беру сапасын әрдайым бақылап, арттыру мақсатында жұмыс берушілердің талаптары міндетті түрде ескеріліп отырады. Ол үшін жыл сайын жұмыс берушілермен сауалнама жүргізіліп, олардың мамандар сапасына қанағаттануының деңгейі анықталды. Жұмыс берушілер тарапынан қойылатын талаптарға сай болу үшін арнайы түзету іс-шаралары қарастырылып отырады.

**– Осы әңгіме мынадай сауалды тудырады. Қазір елімізде жоғары оқу орындары мемлекеттік және жекеменшік болып бөлінеді. Ал ОҚМУ мемлекеттік екені белгілі. Осы мемлекеттік және жекеменшік оқу орындары арасында елеулі айырмашылық бар екені мәлім. Осы өзгешеліктерді қалай бағалайсыз? Жалпы жекеменшік оқу орындарының білім берудегі сапасы жөнінде әртүрлі әңгіме көп. Демек, жекеменшік оқу орындары керек пе өзі?**

– Әңгімені сұрағыңыздың соңғы бөлігіне жауап беруден бастағанды жөн көріп отырмын. Біз «зайырлы» қоғам құрып, демократиялық мемлекетте өмір сүріп жатырмыз. Егеменді еліміздің заңдарын сыйлаймыз, заң талаптарының алдында бәріміз бірдейміз. Қазақстан Республикасының «Білім туралы»

анықталатын жоғары оқу орындарының рейтингтік көрсеткіштерінен де белгілі. Менің айтатын ырым дегенім білім беру жүйесі нарықтық экономиканың бір саласы, сондықтан бұл салада да бәсекелестік болуы тиіс. Бәсекелестіктің алдында мемлекеттік және жекеменшік жоғары оқу орындары бірдей құқыққа ие. Мысалы, жекеменшік жоғары оқу орындары мемлекеттік жоғары оқу орындарымен қатар мемлекеттік білім беру гранттарымен оқытуға құқылы. Кейде осы құқық сұранымға ие бола бермейді.

Қазіргі таңда қызметке қабылдау көпшілік мекемелерде конкурстар арқылы жүзеге асырылады. Осындай конкурстардың нәтижелері меншік формасына қарамай жоғары оқу орындарының білім беру сапасын анық көрсетіп бере алады.

**– ОҚМУ-дың шетелдегі жоғары оқу орындарымен әріптестік байланысы бар ма? Болса, қандай бағытта?**

– Әрине, бар. Шетелдік жоғары оқу орындары және ғылыми-зерттеу институттарымен әріптестік болмай халықаралық деңгей талаптарына сай жұмыс істеу мүмкін емес. Бүгінгі күні алыс және жақын шет елдердің 48 жоғары оқу орындары және ғылыми-зерттеу мекемелерімен әріптестік қарым-қатынасымыз бар. Олардың ішінде, Манчестер университеті (UNIMAN), Дортмунд университеті (UNIDO), Брно техникалық университеті (VUT), «Ақдениз» университеті (Түркия), Д.Менделеев атындағы Мәскеу химия-технологиялық университеті (Ресей), Нижегород мемлекеттік техникалық университеті (Ресей), Ресей Дипломатиялық академиясы (Ресей), Днепродзержинск мемлекеттік техникалық университеті (Украина) және т.б.



# “ БІЛІКТІ МАМАН НЕГІЗІ — САПАЛЫ БІЛІМ МЕН ОЗЫҚ ҒЫЛЫМДА ”

Халықаралық «INTAS» бағдарламасы «ЭCOFOS» ғылыми жобасын Еуропаның 10 мемлекетінің ғалымдарымен бірге орындап жатырмыз.

**– Университетті бітірген түлектердің кейінгі тағдыры Сізді ойландыратын болар?**

– Бітіруші түлектердің кейінгі тағдырын олар университет қабырғасында жүрген мезгілден бастап ойланамыз, себебі біз олардың жұмысқа орналасу мәселесін шешуге атсалысамыз. Ол үшін университет әр түрлі саладағы департаменттермен, республикамыздың және облысымыздың кәсіпорындарымен тығыз байланыстарды, әріптестік қарым-қатынастарды қолдап отырады. Соның нәтижесінде бітіруші түлектерімізге осы кәсіпорындар мен мекемелерден көптеген сұраныстар келіп тұрады.

Сонымен қатар университетте осы бағытта көптеген іс-шаралар жүргізіліп отырады, атап айтқанда:

– өндірістік тәжірибеден өту нәтижелері бойынша жұмысқа орналасу;

– бітіруші кафедралардың кәсіпорындармен әріптестік бай-

ланыстары;

– Бітірушілердің байқауларға қатысып, өз бетінше жұмыс іздеуіне қолдау көрсету.

Кәсіпорындардың өздеріне мамандар даярлауы келісім-шарттары бойынша. Мысалы, 2007-2008 оқу жылының өзінде 1-курсның 73 студенті кәсіпорындардың қаржыландыруы есебінен білім алуда. Жалпы барлық курстарда мұндай студенттердің саны 200-ден асады. Ал осындай төлем-ақысын төлеп, жұмысқа алатын кәсіпорындардың саны 40-тан астам.

Бос жұмыс орындар жәрмеңкесін ұйымдастыру. 2007 жылы өткізілген жәрмеңкелердің қорытындысы бойынша университет бітірушілермен 420 алдын-ала келісім-шарт жасалып, олардың 90% жұмыспен қамтылды, ол жалпы бітірушілердің 20% құрайды.

Жалпы аталған іс-шаралар нәтижесінде жыл сайынғы бітіруші түлектеріміздің 87-95% өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасып, түрлі салаларда абыройлы қызмет атқарып келеді.

Ал жұмысқа орналасқан мамандарымыздың карьералық тағдырын бітіргеннен кейін 3-5 жыл аралығында бақылап отырамыз.

Кафедралардың атына кәсіпорындардан университетті бітіруші біздің мамандар туралы алғыс хаттар, жақсы жылы пікірлер көптеп келіп тұрады. Осы пікірлер бойынша біздің бітіруші түлектеріміздің қандай кәсіпорындарда қызмет жасап жүргенін, оның қызметінің жоғарылауын бақылай аламыз. Сонымен бірге университет түлектерінің бітіргеннен кейінгі 3-5 жылдағы карьералық өсуін зерттеу жоғарыда аталған Карьера және маркетинг орталығының маңызды міндеттерінің бірі.

**– Уәлихан Қозыкеулы, университет басшысы ретінде әңгіме өрбіттік. Ендігі сөзді Сіздің ғалымдығыңыз жөнінде қозғасақ, ғылым докторысыз, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, салалық ғылымдарда да академик деген атақтарыңыз бар. Бұл қол жеткізген дәрежелеріңіз Сіздей үлкен ғалымға ғылымдағы соңғы биік емес шығар.**

– Мен Қазақ химия-технология институтын бітіргеннен кейін, ғылыми ізденістерімді Д.Менделеев атындағы Мәскеу химия-технология институтының аспирантурасында бастадым. Кандидаттық және докторлық диссертацияларымды аталған институтта қорғадым. Ғылым жолы қиыншылығы мен қызығы өте көп ауыр соқпақтар. Ғалым өз саласында ғылымдағы шығар биіктер іздемеуі керек, ғылыми жұмыстардың нәтижесі өндіріске қандай жаңалық



әкелуін, елдің экономикасының көтерілуіне қалай әсер ететінін ойлауы қажет деп есептеймін. Нәтижелі ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобалар қай кезде болсын өзінің лайықты бағасын алады. Мысалы, университетіміздің бір топ ғалымдары 12-20 жылғы ғылыми жұмыстарының нәтижелері үшін 2005 жылы ғылым мен техника саласында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары атағына ие болды.

Еліміздің Оңтүстік өңірінің экономикасын инновациялық дамыту мақсатында университет ғалымдарын төмендегі бағыттар бойынша ғылыми ізденістерге жұмылдырып отырамыз:

– көмірсутекті шикізатты және жанатын қатты жер байлықтарын кешенді қайта өңдеу. Өте таза, физиологиялық белсенді заттар, полимерлік материалдар алу мақсатында органикалық, мұнай-химиялық және электрохимиялық синтездік зерттеулер;

– өндіріс қалдықтарын, өнеркәсіп өнімдерін, полиметалдық ру-

даларды, минералдық шикізаттарды кешенді қайта өңдеудің жоғары тиімді және экологиялық таза химия-технологиялық процестерін түзу;

– құрылыс өндірісінің жаңа технологияларын түзу және оны ұйымдастыру. Құрылыс және силикаттық материалдардың жаңа тиімді түрлерін табу.

Аталған бағыттардағы жұмыстардың нәтижелері еліміздің мұнай-газ секторының одан әрі дамуына, өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу арқылы жаңа өнімдер алумен қатар, экологиялық мәселелерді шешуге, құрылыс индустриясында жаңа құрылыс материалдарын пайдалануға қол жеткізуге көп ықпал тигізеді деп ойлаймын.

Біздің облыстың потенциалдық мүмкіншілігі көп, біз, ғалымдар, сол мүмкіндікті экономикамызды көтеретін жобаларға айналдыруымыз керек. Бұл іске жастарды тартуымыз қажет.

**– Әңгімеңізге рахмет!**

**Сұхбатты жүргізген  
Жәніс БАҺАДУР.**